

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 2000 жылғы 27 маусым N 75. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 2 тамызда N 1210 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 шілдедегі N 264 қаулысымен (V032484).

Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметтің бірыңғай шарттарын қамтамасыз ету мақсатында, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы заңының 32-бабы 2-тармағының негізінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер туралы" Ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 12 қарашада 641 нөмірмен тіркелген Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларына (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, II том, 1998 ж., 244-бет; "Рынок и право". "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 1999 ж., N 7(8), 11, 13-беттер);

1) 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қорға (Қордың Басқарушысына) оларға заң бойынша жасауға (орындауға) тыйым салынған мәмілелерді және әрекеттерді жасауға (орындауға), сондай-ақ:

1) бағалы қағаздар рыногындағы мәмілелерді қоспағанда аффилиирленген тұлғалармен зейнетақы активтерінің есебінен мәмілелер жасауға;

2) кез келген тәсілдермен займдар беруге;

3) зейнетақы активтерінің құрамына кіретін бағалы қағаздарды оларды қайтадан сатып алу міндеттемесінің шарттарымен сатуға;

4) маржа бойынша кез келген бағалы қағаздарды сатып алуға;

5) Қорға (Қордың Басқарушысына) тиесілі және Қордың зейнетақы активтерінің құрамына кірмейтін бағалы қағаздарды сату туралы ("қысқартылған

сату") шарттарды, сондай-ақ эмиссиялық болып табылмайтын бағалы қағаздарды сатып алуға шарттар жасауға;

б) кез келген түрдегі кепілгерліктерді және кепілдемелерді беруге, зейнетақы активтерімен кепілдік мәмілелерді жасауға;

7) зейнетақы активтерін кез келген тәсілмен өзінің мүддесінде және Қордың салымшыларын (зейнетақы салымдарын алушылар) қоспағанда өзге тұлғалардың мүддесінде пайдалануға, оның ішінде бір ұлттық (халықаралық) біріздендіру нөмір бар бағалы қағаздарды бір күні меншікті активтерінің есебінен сату (сатып алу) және инвестициялық басқаруға қабылданған зейнетақы активтерінің есебінен сатып алу (сату) туралы инвестициялық шешім қабылдауға;

8) мазмұнында зейнетақы активтерінің инвестициялары бойынша кепілдіктер мен уәделер бар ақпаратты жариялауға тыйым салынады.";

2) мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Қордың қызметін жарнамалауды олар Қордың құрылтай құжаттарына не оның жоғарғы органының немесе басқару органының шешіміне сәйкес жүзеге асыру керек."

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның және бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып), "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Ұлттық комиссияның мүшелері

